

Перевод и значение слова "индивидуальный / частный предприниматель":

жеке кәсіпкер

Жеке кәсіпкерлікті заңды тұлға құрмасстан жүзеге асыратын және Қазақстан Республикасы кәсіпкерлік туралы заңының 6-ба-бының 3 және 7-тармақтарында көрсетілген межелерге сәйкес келетін Қазақстан Республикасының азаматы немесе оралман. (Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік туралы заңынан). Жеке кәсіпкер — заңды тұлға ретінде емес, алайда заңмен белгіленген тәртіpte мемлекеттік тіркелімнен өтетін, жүйелі түрде пайда табу мақсатында өзбетінше кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлға. Жеке кәсіпкерлікпен шұғылданатын адам өзіне тиесілі бар-лық мүлік врқылы жауап береді, сонымен қатар жеке кәсіпкер-дің қарамағында айыппұл салынуы міндettі емес мүлік те болуы мүмкін. Термин ұғымын жан-жақты зерделеуліқ нәтижесінде кейбір еңбектерде жеке кәсіпкер (частный предприниматель) және жеке-дара кәсіпкер (индивидуальный предприниматель) деген терминдердің дербес мағыналарда қолданылатыны байқал-ды. Осы ұғымдарды «заңды тұлға құрмайтын кәсіпкер» (предприиматель без образования юридического лица) деп ұғындыру да ұшырасты. Қазақстан Республикасының кәсіпкерлікке байланыс-ты басты заңнамалық құжатында (Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі / Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-В ҚРЗ) «жеке кәсіпкер» термині бекітіліп орнықан. Қазақстан Республикасының жеке кәсіпкерлік туралы заңында дара кәсіпкер; бірақ: жеке кәсіпкерлік термині де бар.

жеке кәсіпкердің жауапкершілігі — ответственность индивидуального / частного предпринимателя жеке кәсіпкердің құқықтары — права индивидуального / частного предпринимателя жеке кәсіпкердің меншігі — собственность индивидуального / частного предпринимателя жеке кәсіпкердің міндеттері — обязательства индивидуального / частного предпринимателя жеке кәсіпкердің мүлкі — имущество индивидуального / частного предпринимателя

Переведено с помощью "["Кәсіпкер сөздігі"](#)"